	Мақсаты: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. **Сурет салу мүсіндеу Жапсыру** **«Қызғалдақ»** **Мақсаты:** ұжыммен бірге жұмыс істейді, міндеттерді өзара келісіп орындайды жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды; Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. **Құрастыру**	көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне жаттықтыру.			

	«Қызғалдақ» **Мақсаты:** Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.				
Серуенге дайындық	**Еңбегі адал жас өрен-** **«Киімді ретімен киеміз»** Мақсаты: Балаларды киімді ретімен, ұқыпты киюге үйрету. Киімімді киемін, Түймесін де ілемін. Ұқыпты боп жүремін, Серуенге шығамын.	**Еңбегі адал жас өрен-** **«Таза ауа – денсаулық кепілі»** Мақсаты: Таза ауада серуендеудің денсаулыққа пайдасын түсіндіру. Таза ауа пайдалы, Көңіліміз жайдары. Жүгіріп біз ойнаймыз, Денемізді шыңдаймыз.	**Еңбегі адал жас өрен-** **«Серуен ережесін сақтаймыз»** Мақсаты: Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Саппен бірге жүреміз, Тәртіпті біз білеміз. Тыңдап әркез апайды, Көңілді боп жүреміз.	**Еңбегі адал жас өрен-** **«Табиғатты бақылаймыз»** Мақсаты: Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру. Көктем келді далама, Құстар қонды ағашқа. Гүлдер жайнап өседі, Қуаныш сыйлап бәріне.	**Еңбегі адал жас өрен-** **«Бірге ойнап, көңіл көтереміз»** Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. Бірге ойнап жүреміз, Күліп-ойнап күлеміз. Тату-тәтті бәріміз, Бақытты боп жүреміз.

Серуен	**№9 «Желді бақылау»** **Мақсаты:** Желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру. Өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту. **Еңбек: «**Алаңды тазалау» **Мақсаты:** Бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білу. **Қимылды ойын:** «Жел» **Мақсаты:** Табиғат байланысы туралы түсініктерін бекіту, тәрбиеші командасын мұқият тыңдауға үйрету.	**№10 «Жүк көліктерін бақылау»** **Мақсаты:** Жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету. **Еңбек: «**Бұйымдар жасауға жапырақ жинау» **Мақсаты:** Еңбек ету іскерліктері мен дағдыларын дамытуды жалғастыру. **Қимылды ойын:** «Тоқта жүгір» **Мақсаты:** Белгі бойынша әрекет етуге үйрету,ептіліктерін дамыту. Мақал-мәтел: **«Бастаған істі тастама»**	**№11 «Бұлтты бақылау»** **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін; шарпы, бұтақ, қабатты бұлттарды ажырату. **Еңбек: «**Ауладағы гүлдерді суғару» **Мақсаты:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Соқыр теке» **Мақсаты:** Балалардыептілікке шапшаңдыққа баулу.	**№12 Көктем гүлдерін бақылау.** **Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. **Еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. **Қимылды ойын: «**Гүл мен көбелек» **Мақсаты:**балаларды ептілікпен достыққа тәрбиелеу.	**№13 «Аула тазалаушының еңбегін бақылау»** **Мақсаты:** Күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту, аула тазалаушыға қажетті құрал жабдықтармен танысу. **Еңбек:** «Аула тазалаушыға көмектесу» **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Қармақ» **Мақсаты:** Ептілікке жылдамдыққа тәрбиелеу
Серуеннен оралу	**«Суды, тамақты, энергияны**	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді**	**«Суды, тамақты,**	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді**	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді**

	үнемді тұтыну» «Киімді ұқыпты шешеміз» Мақсаты: Балаларды сырт киімді ұқыпты шешіп, орнына қоюға үйрету. Киімімді шешемін, Орнына әкеп ілемін. Ұқыпты боп жүремін, Тәртіпті мен білемін.	**тұтыну» «Қолымызды таза ұстаймыз»** Мақсаты: Серуеннен кейін қолды сабындап жууға дағдыландыру. Су ағады сылдырап, Қол жуамыз былғансақ. Таза болып жүреміз, Дені сау боп күлеміз.	**энергияны үнемді тұтыну» «Аяқ киімді реттейміз»** Мақсаты: Аяқ киімді таза ұстап, орнына қоюға тәрбиелеу. Етігімді шешемін, Түзулеп мен қоямын. Тазалықты сүйемін, Ұқыпты боп жүремін.	**тұтыну» «Серуен әсерімен бөлісеміз»** Мақсаты: Балалардың серуеннен алған әсерлерін әңгімелеуге үйрету. Серуен қызық өтеді, Көңіліміз көтеріледі. Ойнап-күліп аламыз, Қуанышпен қайтамыз.	**тұтыну» «Тазалықты сақтаймыз»** Мақсаты: Топ бөлмесінде тазалық пен тәртіп сақтауға тәрбиелеу. Таза болып жүреміз, Тәртіпті біз білеміз. Орнымызды жинап біз, Ұқыпты боп жүреміз.
Түскі ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» «Тазалық – денсаулық негізі»** Мақсаты: Балаларды тамақ ішер алдында тазалық сақтауға, қолды дұрыс жууға үйрету. Таза болып қолымыз, Жуамыз біз қолымыз.	**Үнемді тұтыну «Тамақты ұқыпты ішеміз»** Мақсаты: Тамақты төкпей, асықпай ішуге және ас ішу мәдениетін сақтауға тәрбиелеу. Асықпаймын тамаққа, Ұқыптымын әр шақта. Төкпей ішіп асымды, Қуантамын бәріңді.	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** «Асқа құрмет» Мақсаты: Нанды, асты қадірлеуге және дастарқан әдебін сақтауға үйрету. Нан қиқымын шашпаймын, Жерге тастап баспаймын. Асты әркез құрметтеп,	**Үнемді тұтыну Дұрыс отырып тамақтану»** Мақсаты: Тамақтану кезінде денені тік ұстауға, әдепті отыруға дағдыландыру. Түзу отырып ас ішем, Әдеп сақтап мен жүрем. Ұқыпты бала боламын, Тәртіпті жақсы көрем.	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» «Тамақтан кейінгі тәртіп» Мақсаты:** Тамақтан кейін алғыс айтуға, орнын таза ұстауға тәрбиелеу. Асымызды ішеміз, Рақмет айтып жүреміз. Орнымызды жинап біз, Тазалықты сүйеміз.

	Сүлгіменен сүртеміз, Тамаққа біз келеміз.		Әдеппенен бастаймын.		
Күндізгі ұйқы	**Еңбегі адал жас өрен,** Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Тапқыр бала» ертегісін тыңдату.	**Еңбегі адал жас өрен,** Әуен ырғағына қызығушылық танытады. Баяу әуенмен ұйықтату. (музыка)	**Еңбегі адал жас өрен,** Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Түлкі мен сұр қасқыр» ертегісін тыңдату.	**Еңбегі адал жас өрен,** Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні». (музыка)	**Еңбегі адал жас өрен,** Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Аленушка мен Иванушка» ертегісін тыңдату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	**Теңіз жұлдызы** Б.қ.: тік тұрып, аяқ иық деңгейінде, қолды екі жаққа созып, аяқ пен қолды бүкпей жай оңға иілу. Оң қолмен оң аяққа тигізіп, созылған сол қолдын алақанына қарау. Керегінше тоқтап қалып, осылай сол жаққа орындау.	**Ояну** Терезенің қасында, Орындықты тауып ап, Мысық ұйықтап жатады, Оян, қане мысығым Оянайық балалар. Жаттығуды жасайық. Бір бүйірден екінші бүйірге аунау.	**Теңіз жұлдызы** Б.қ.: тік тұрып, аяқ иық деңгейінде, қолды екі жаққа созып, аяқ пен қолды бүкпей жай оңға иілу. Оң қолмен оң аяққа тигізіп, созылған сол қолдын алақанына қарау. Керегінше тоқтап қалып,	**Ояну** Терезенің қасында, Орындықты тауып ап, Мысық ұйықтап жатады, Оян, қане мысығым Оянайық балалар. Жаттығуды жасайық. Бір бүйірден екінші бүйірге аунау.	**Теңіз жұлдызы** Б.қ.: тік тұрып, аяқ иық деңгейінде, қолды екі жаққа созып, аяқ пен қолды бүкпей жай оңға иілу. Оң қолмен оң аяққа тигізіп, созылған сол қолдын алақанына қарау. Керегінше тоқтап қалып, осылай сол жаққа орындау.

			осылай сол жаққа орындау.		
Бесін ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» «Тазалық – денсаулық негізі»** Мақсаты: Балаларды тамақ ішер алдында тазалық сақтауға, қолды дұрыс жууға үйрету. Таза болып қолымыз, Жуамыз біз қолымыз. Сүлгіменен сүртеміз, Тамаққа біз келеміз.	**Үнемді тұтыну «Тамақты ұқыпты ішеміз»** Мақсаты: Тамақты төкпей, асықпай ішуге және ас ішу мәдениетін сақтауға тәрбиелеу. Асықпаймын тамаққа, Ұқыптымын әр шақта. Төкпей ішіп асымды, Қуантамын бәріңді.	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** «Асқа құрмет» Мақсаты: Нанды, асты қадірлеуге және дастарқан әдебін сақтауға үйрету. Нан қиқымын шашпаймын, Жерге тастап баспаймын. Асты әркез құрметтеп, Әдеппенен бастаймын.	**Үнемді тұтыну Дұрыс отырып тамақтану»** Мақсаты: Тамақтану кезінде денені тік ұстауға, әдепті отыруға дағдыландыру. Түзу отырып ас ішем, Әдеп сақтап мен жүрем. Ұқыпты бала боламын, Тәртіпті жақсы көрем.	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» «Тамақтан кейінгі тәртіп» Мақсаты:** Тамақтан кейін алғыс айтуға, орнын таза ұстауға тәрбиелеу. Асымызды ішеміз, Рақмет айтып жүреміз. Орнымызды жинап біз, Тазалықты сүйеміз.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Табиғаттың әдемі көрінісі жайлы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	**Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз".** Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірқатар өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтары	**(Қарым қатынас әрекеті, қазақ тілі)** Ойын: «Ерегі әнім ермегім» мақсаты: сахналық қойылымдар ға қатысуға, таныс әдеби	**(Шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс-әрекет)** Ойын: «Суретші шеберханасы» мақсаты: түстер мен олардың реңктерін беру үйрету, балалардың көлемді	**«Тәулік бөліктері » Ойынның мақсаты:** тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның

		н табуды ұсыныңыз. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	шығармалар бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру.	пішіндер мен қарапайым композициялард ы мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу	мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. **Математика негіздері** Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет
Балалармен жеке жұмыс ертегісінің суретін қарау,	**жеке баламен жұмыс: «Бұл қай ертегі?»** Ертегі кейіпкерлеріне қарап қай ертегі екені айтады. **(көркем әдебиет)**	**жеке баламен жұмыс:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтпайды: белгілі дыбысқа ауызша сөздерді үйрету; **(сауат ашу негіздері)**	**жеке баламен жұмыс:** жолда жүру ережелерін үйрету; **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	**жеке баламен жұмыс:** қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға үйрету; **(қазақ тілі)**	**жеке баламен жұмыс:** «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажырата алуға үйрету. **(математика негіздері)**
Серуенге дайындық, серуен	**Еңбегі адал жас өрен- «Киімді ретімен киеміз»** Мақсаты: Балаларды киімді ретімен, ұқыпты киюге үйрету. Киімімді киемін, Түймесін де ілемін. Ұқыпты боп жүремін,	**Еңбегі адал жас өрен- «Таза ауа – денсаулық кепілі»** Мақсаты: Таза ауада серуендеудің денсаулыққа пайдасын түсіндіру. Таза ауа пайдалы, Көңіліміз жайдары. Жүгіріп біз	**Еңбегі адал жас өрен- «Серуен ережесін сақтаймыз»** Мақсаты: Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Саппен бірге жүреміз, Тәртіпті біз	**Еңбегі адал жас өрен- «Табиғатты бақылаймыз»** Мақсаты: Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру. Көктем келді далама, Құстар қонды ағашқа. Гүлдер жайнап өседі,	**Еңбегі адал жас өрен- «Бірге ойнап, көңіл көтереміз»** Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. Бірге ойнап жүреміз, Күліп-ойнап күлеміз. Тату-тәтті бәріміз, Бақытты боп жүреміз.

	Серуенге шығамын.	ойнаймыз, Денемізді шыңдаймыз.	білеміз. Тыңдап әркез апайды, Көңілді боп жүреміз.	Қуаныш сыйлап бәріне.	
Серуен, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, қимыл-қозғалысты ойындар және тағы басқа әрекеттер), серуеннен оралу	**Қимылды ойын:** «Аңшы» **Мақсаты:** Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң ойыннан шығасың).	**Ұлттық ойын:** «Арқан тарту» **Ойынның мақсаты:** балалардың ептілік, батылдылық табандылық жылдам да, үйлесімді қимылдау сияқты қабілеттерін дамыту.	**Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» **Мақсаты:** Белгі бойынша әрекет етуге үйрету, ептіліктерін дамыту.	**Қимылды ойын:** «Епті бол» **Ойынның мақсаты**: балаларды, жылдамдыққа баулу.	**Қимылды ойын:** «Мысық пен тышқан» **Ойынның мақсаты**: балаларды жылдамдыққа ептіліке баулу.
Серуеннен оралу	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** **«Киімді ұқыпты шешеміз»** Мақсаты: Балаларды сырт киімді ұқыпты шешіп, орнына қоюға үйрету. Киімімді шешемін, Орнына әкеп ілемін. Ұқыпты боп жүремін,	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** **«Қолымызды таза ұстаймыз»** Мақсаты: Серуеннен кейін қолды сабындап жууға дағдыландыру. Су ағады сылдырап, Қол жуамыз былғансақ. Таза болып жүреміз,	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** **«Аяқ киімді реттейміз»** Мақсаты: Аяқ киімді таза ұстап, орнына қоюға тәрбиелеу. Етігімді шешемін, Түзулеп мен қоямын.	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** **«Серуен әсерімен бөлісеміз»** Мақсаты: Балалардың серуеннен алған әсерлерін әңгімелеуге үйрету. Серуен қызық өтеді, Көңіліміз көтеріледі. Ойнап-күліп аламыз, Қуанышпен қайтамыз.	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** **«Тазалықты сақтаймыз»** Мақсаты: Топ бөлмесінде тазалық пен тәртіп сақтауға тәрбиелеу. Таза болып жүреміз, Тәртіпті біз білеміз. Орнымызды жинап біз, Ұқыпты боп жүреміз.

	Тәртіпті мен білемін.	Дені сау боп күлеміз.	Тазалықты сүйемін, Ұқыпты боп жүремін.		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	**Қызықты логикалық есептерді шығару. Мақсат-міндеттері:** Балаларды логикалық жаттығуларды орындауға машықтандыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	**"Қоянға көмектес"** дидактикалық ойыны. **Мақсат-міндеттері:** Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстыруды, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. (танымдық іс-әрекеті)	**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері:** Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балаларды кейіпкерлердің сөздерін жатқа білуге құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	**Сөздерге дыбыстық талдау жасау жаттығуы. Мақсат-міндеттері:** Балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға арналған таңбалауыштар (фишкалар). (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)	**Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы. Мақсат-міндеттері:**Балаларға ұнаған суреттердің негізінде жаңа ертегі немесе оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)
Өнегелі 15 минут Үйге қайту	Балалармен логикалық ойындар ойнау.	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу.	«Серуен кезінде көрген құстар» тақырыбына көрме ұйымдастыру.	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу.	"Балалардың жануарлар мен құстарға қызығушылығын дамыту" тақырыбында ата-аналарға кеңестер

					беру; әңгімелесу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.

*Тексерілді, әдіскер*_____

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
Білім беру ұйымы: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы
Мектепалды тобы «Ақбота»
Балалардың жасы: 5 жастан бастап
Жоспардың құрылу кезеңі: 2026 жыл мамыр айы, IV апта **«Бірлік және ынтымақ айы»**

Күн тәртібі	***Дүйсенбі 25.05.2026 ж.***	***Сейсенбі 26.05.2026 ж.***	***Сәрсенбі 27.05.2026 ж. демалыс***	***Бейсенбі 28.05.2026ж.***	***Жұма 29.05.2026 ж.***
Апта дәйексөзі:	«Ырыс алды ынтымақ».				
Балаларды қабылдау	**«Өнегелі 15 минут»** **«Ынтымақ деген не?»** **Мақсаты:** Балаларға ынтымақ, достық туралы түсінік беру.	**«Өнегелі 15 минут»** **«Дос болайық бәріміз»** **Мақсаты:** Достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу. Достық туралы қысқа өлең оқу		**«Өнегелі 15 минут** **«Бірлік түбі – береке»** **Мақсаты:** Бірлесіп жұмыс істеудің маңызын ұғындыру. Мақал-мәтел жаттау:	**«Өнегелі 15 минут»** **«Біз – бақытты баламыз»** **Мақсаты**: Балаларды татулыққа, мейірімділікке баулу. «Жақсылық жасау» туралы әңгіме «Жылы жүрек»

	Шаттық шеңбері – «Біз татумыз!» . Әңгіме – «Бірлік бар жерде – тірлік бар» мақалын түсіндіру Суретпен жұмыс – Тату ойнап жүрген балалар суретін талқылау Ойын – «Досыңа көмектес» жұптық ойыны (4 мин) Балалар бір-біріне жылы сөз айтады **«Күй күмбірі»**, балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту.	«Жақсы дос қандай болады?» сұрақ-жауап . Қимылды ойын: «Қол ұстасып жүрейік» «Мен досыма…» сөйлемін аяқтау **«Күй күмбірі»**, балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру.		«Ырыс алды – ынтымақ» «Бірлік болмай, тірлік болмас» Топтық тапсырма: ортақ сурет құрастыру **«Күй күмбірі»**, балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру.	ойыны (бір-біріне тілек айту) «Тату достар» **«Күй күмбірі»**, балаларды балабақшаға қабылдау барысында күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**«Отбасындағы жылы сөз»** Балаға күн сайын жылы сөз айтып, оны мақтап отыру маңызды. Жылы қарым-қатынас баланың өзіне	**«Достыққа баулу»** Балаға достарымен бөлісуді, бірге ойнауды және ренжіспеуді үйретіңіз. Ойыншықпен бөлісуге		**«Бірлік пен татулық»** Отбасында татулық болса, бала өзін қауіпсіз әрі бақытты сезінеді. Отбасылық уақыт	**«Мейірімді бала тәрбиелеу»** Мейірімділік – тәрбиенің бастауы. Балаға қамқорлық пен жанашырлықты үйретіңіз. Кішілерге қамқор

	деген сенімін арттырады. «Жарайсың!» «Мен саған ризамын» «Сен ақылды баласың» деген сөздерді жиі айтыңыз. Мақал: «Жақсы сөз – жарым ырыс.»	дағдыландырыңыз; «Досыңды сыйла» дегенді түсіндіріңіз; Баланың жақсы әрекетін мадақтаңыз. Мақал: «Досы көпті жау алмайды.»		өткізіңіз; Бірге ойын ойнаңыз; * Баланың пікірін тыңдаңыз. Мақал: «Бірлік бар жерде – тірлік бар.»	болуға баулыңыз; Жақсылық жасаудың үлгісін көрсетіңіз; Баламен бірге қайырымды іс жасаңыз. Мақал: «Мейірімділік – жүректен.»
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Қандай сөз?»** **Мақсаты:** әр түрлі сөз өлшемдерін қайтталау. **(қазақ тілі)**	**«Табиғат қандай әсем»** **Мақсаты:** табиғатқа қуануды, оның әсемдігін сезінуді, көре білуді үйрету. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**		**«Саусақ ойыны»** **Мақсаты:**Бал алардың саусақ маторикасы және тілі дамиды. **(тіл дамыту)**	**«Қайсысы қалай дыбыстайды»** Суретке сәйкес олардың дыбыстарын салуды ұсынады.
Таңертенгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары:** «Диірмен» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол төменде. қолды алға тігінен созып, кеуде тұсында 4 рет айналдыру, қолды төмен түсіру. «Жан-жаққа	**Жалпы дамыту жаттығулары:** «Диірмен» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол төменде. қолды алға тігінен созып, кеуде тұсында 4 рет айналдыру, қолды төмен түсіру. «Жан-жаққа		**Жалпы дамыту жаттығулары:** «Диірмен» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол төменде. қолды алға тігінен созып, кеуде тұсында 4 рет айналдыру, қолды төмен түсіру.	**Жалпы дамыту жаттығулары:** «Диірмен» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол төменде. қолды алға тігінен созып, кеуде тұсында 4 рет айналдыру, қолды төмен түсіру. «Жан-жаққа иілулер» Б.қ.

	иілулер» Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол белде. Оңға (солға) иілу, бастапқы қалыпқа оралу. «Серіппе» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол белде. 3 реттен жай ғана отырып-тұру. «Жан-жаққа бұрылулар» Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол желкеде. Оңға (солға) бұрылу, колды екі жанға созу, түзелу. «Аяқ алшақ, бірге, секірулер» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол белде. Аяқтарды алшақ, және біріктіре 12 рет секіру, бір орында жүру, секіруді қайта қайталау. **Тыныс алу жаттығуы: А.Н.Стрельникова бойынша «Көкжиек»** - түзу	иілулер» Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол белде. Оңға (солға) иілу, бастапқы қалыпқа оралу. «Серіппе» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол белде. 3 реттен жай ғана отырып-тұру. «Жан-жаққа бұрылулар» Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол желкеде. Оңға (солға) бұрылу, колды екі жанға созу, түзелу. «Аяқ алшақ, бірге, секірулер» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол белде. Аяқтарды алшақ, және біріктіре 12 рет секіру, бір орында жүру, секіруді қайта қайталау. **Тыныс алу жаттығуы: А.Н.Стрельникова бойынша «Көкжиек»** - түзу		«Жан-жаққа иілулер» Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол белде. Оңға (солға) иілу, бастапқы қалыпқа оралу. «Серіппе» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол белде. 3 реттен жай ғана отырып-тұру. «Жан-жаққа бұрылулар» Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол желкеде. Оңға (солға) бұрылу, колды екі жанға созу, түзелу. «Аяқ алшақ, бірге, секірулер» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол белде. Аяқтарды алшақ, және біріктіре 12 рет секіру, бір орында жүру, секіруді қайта қайталау. **Тыныс алу жаттығуы:**	аяқ иық деңгейінде, қол белде. Оңға (солға) иілу, бастапқы қалыпқа оралу. «Серіппе» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол белде. 3 реттен жай ғана отырып-тұру. «Жан-жаққа бұрылулар» Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол желкеде. Оңға (солға) бұрылу, колды екі жанға созу, түзелу. «Аяқ алшақ, бірге, секірулер» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол белде. Аяқтарды алшақ, және біріктіре 12 рет секіру, бір орында жүру, секіруді қайта қайталау. **Тыныс алу жаттығуы: А.Н.Стрельникова бойынша «Көкжиек»** - түзу тұрып, қолдарын шынтақтан көтеріп,

	тұрып, қолдарын шынтақтан көтеріп, алақанды көрсету, дыбысты қысқа дем алу, демді мұрыннан шығару және саусақтарын жұдырыққа қысу; **Менің Қазақстаным** таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру.	тұрып, қолдарын шынтақтан көтеріп, алақанды көрсету, дыбысты қысқа дем алу, демді мұрыннан шығару және саусақтарын жұдырыққа қысу; **Менің Қазақстаным** таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру.		**А.Н.Стрельникова бойынша «Көкжиек»** - түзу тұрып, қолдарын шынтақтан көтеріп, алақанды көрсету, дыбысты қысқа дем алу, демді мұрыннан шығару және саусақтарын жұдырыққа қысу; **Менің Қазақстаным** таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру.	алақанды көрсету, дыбысты қысқа дем алу, демді мұрыннан шығару және саусақтарын жұдырыққа қысу; **Менің Қазақстаным** таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру.
Таңғы ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** «Таза қол – денсаулық кепілі» Мақсаты: Балаларды тамақ алдында қол жууға, тазалық сақтауға үйрету. Ас ішер алдында	**Үнемді тұтыну «Асты қадірлейік» Мақсаты:** Нанды, асты құрметтеуге тәрбиелеу. Дастарқандағы астың еңбекпен келетінін айту. Нан қиқымын шашпаймын,		**Үнемді тұтыну «Әдепті бала» Мақсаты:** Ас ішу кезіндегі әдеп ережелерін үйрету. Тамақты асықпай жеу, үлкендерге құрмет көрсету туралы айту. **Тақпақ:**	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» «Дұрыс тамақтану» Мақсаты:** Пайдалы тағамдар туралы түсінік беру. Көкөніс, жеміс-жидектің пайдасын түсіндіру. Тақпақ:

	қолды сабындап жуу – денсаулықтың кепілі екенін түсіндіру. **Тақпақ:** Қолымды мен жуамын, Тап-таза ғып қоямын. Таза қолмен ас ішсем, Ауырмаймын, білемін.(**тіл дамыту)**	Жерге тастап баспаймын. Теріп алып әрқашан, Таза жерге қоямын. .**(тіл дамыту)**		Үстел басы — жарастық, Әдептілік — адастық. Асықпаймын ас ішіп, Отрамын мен жарасып. .**(тіл дамыту)**	Алма, алмұрт, өрікті, Жеймін күнде көрікті. Дәруменге бай екен, Денсаулыққа керекті.**(тіл дамыту)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қимылын көрсет» **Мақсаты:** Берілген нұсқауды тыңдап, қимылды көрсетеді. **(Дене тәрбиесі)**	«Не артық?» **Мақсаты:** Зейінмен қарап заттың артығын көрсетеді. **(Математика негіздері)**		«Не қайда орналасқан?» **Мақсаты:** Кеңістікте бағдарлай алуға үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Еркін ойын** **Мақсаты:** балалар өзіне қажетті құралды алып ойын құрып ойнайды.
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** **Лақтыру, қағып алу, домалату.** **Мақсаты:** Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын	**Дене тәрбиесі** **Дене аяқ, табан бұлшықеттерін дамыту.** **Мақсаты:** Балаларды барлық топпен жүруге, жүгіруге әрі қарай жалғастыру.		**Көркем әдебиет** **«Кубикті таста»** **Мақсаты:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу,	**Математика негіздері** **Ойын:** **«Пішіндердің көлемін салыстыру** **Мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас

	алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 м). **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап	Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту жаттығуларын үйрету. Дене аяқ, табан бұлшықеттерін дамыту. **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру,		айтыс өнеріне баулу. **Сауат ашу негіздері** **Ойын:** **«Кел жазайық»** **Мақсаты:** үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі-жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. **Дене тәрбиесі** **Шеңбер бойымен жүру.** **Мақсаты:** Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге	заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. **Қазақ тілі** «Сөз ойла, көп ойла» ертегі. **Мақсаты:** ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізед. **Тіл дамыту** **«Не қайда?»** **Мақсаты:** Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. **Қоршаған әлеммен таныстыу** **«Батырларға тағзым».** **Мақсаты:** Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының,

	отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Қос аяқтап алға қарай секіру. 2.3-4 таяқшалардан аттап өту. **Ойын:** «Аю мен қояндар» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Құстар қанат қағады» тыныс алу жаттығуы. **Математика негіздері** **Ойын: «Қандай пішін артық және неге?»** **Мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды; **Сауат ашу**	жіптен немесе таяқтан аттап өту. **Ойын:** «Ненің жүрісі?» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Балаларды жалпы мадақтау. Тыныс алу жаттығуын жасау. **Сауат ашу негіздері** **Ойын: «Орныңды тап»** **Мақсаты:** жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау **Көркем әдебиет «Балықшы мысық»** **Мақсаты:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға		ауысу, Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Берілген белгіге көңіл аударуға дағдыландыру. Табан, тізе бұлшықеттерін нығайту. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таянуштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. **Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. **Қорытынды:**	Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу

	негіздері **Ойын: «Ұйқасын тап»** **Мақсаты:** Берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Сурет салу мүсіндеу** **Жапсыру** **«Қызғалдақ»** **Мақсаты:** ұжыммен бірге жұмыс істейді, міндеттерді өзара келісіп орындайды жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды; Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. **Құрастыру** **«Қызғалдақ»**	ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. **Музыка** **Тақырыбы: «Музыкалық әткеншек»** **Мақсаты:** Әнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға,шеңбер бойымен тұруға,жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту **1. Балаларды музыкамен қарсы алу.** Музыка жетекшісі «Әткеншек» әнін орындайды және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан		«Бокс» тыныс алу жаттығуы. **Музыка** **Тақырыбы: «Ғажайып үйшік»** **Мақсаты:** Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу. **1.Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.** Балаларға үйшіктің және қоян, балапан,	

	Мақсаты: Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.	музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды. **2. Музыкалық-ырғақты қимыл:** Қай кезде музыка тез ойнады? Қай кезде баяу ойнады? (жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.)		бақа, күшік, т.б. суреттері ұсынылады. **2. Ән айту.** Музыка жетекшісі «Жоғарығы шығымын» деп әндетеді. Балалар әуенді қайталап, өздері қалаған суретін басқышпен жоғарыға жүргізеді. Үйшікке жақындап, «Қандай ғажап үйшік?» деп әндетеді. Келесі кезекте терезеден сурет көрсетіліп,бал алар әуенді тыңдап, сәйкес келетін аңдардың , жануарларды ң,	

				балапанның, бақаның, т.б. суреттерін басқыштарме н жүргізіп, үйшікке кіргізеді. Балалар терезеден көрінген суретке қарап, олардың қимыл-қозғалысын салып көрсетеді.	
Серуенге дайындық	**Еңбегі адал жас өрен-** Балаларды ауа райына сай киіндіру Киімдерінің тазалығын тексеру Қауіпсіздік ережесін еске салу Тақпақ: Күн жылынды далада, Шығамыз біз аулаға. Көңілденіп ойнаймыз,	**Еңбегі адал жас өрен-** Киімдерін тексеру Аяқ киімдерін дұрыс киюге үйрету Саппен жүру дағдысын қалыптастыру Тақпақ: Таза ауа жұтайық, Серуенге шығайық. Досымызбен ойнап біз, Көңілді боп қайтайық.		**Еңбегі адал жас өрен-** Спорттық қимылға дайындау Балалардың көңіл күйін көтеру Табиғатты бақылауға қызықтыру Тақпақ: Жылы желдер еседі, Күн күлімдеп төгеді. Серуенге	**Еңбегі адал жас өрен-** Қауіпсіздік ережесін қайталау Бір-біріне көмектесуге баулу Ойын құралдарын дайындау Тақпақ: Табиғатты сүйеміз, Таза жүріп жүреміз. Серуенге шыққанда, Көңілді боп күлеміз.

	Қуанышқа тола ала.			шыққанда, Балалар мәз болады.	
Серуен	**№14 Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау.** Жұмбақтар. Әуеден күбі түсті, Күбінің түбі түсті. (Күннің күркіреуі) Жөңкейді бұлттар дүркіреп, Жауады жауын күркіреп Аспанның жүзі жарқ етті, Ақ найза жерге сарт етті. (Найзағай) **Бақылау.** Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады,	**№15 Бұлттарды бақылау.** Жұмбақ. Күнді жабады, Жаңбыр болып жауады. (Бұлт) Бақылау. Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. **Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене тәрбиесі)** Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру.		**№16 Құмырсқаларды бақылау.** Жұмбақ. Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай. (Құмырсқа) Көркем сөз. Ұзын мұрты құмырсқа. Бара жатты жұмысқа Допты алып қолына, Қойдым оның жолына Оң жағына қарады, Сол жағына қарады. «Биік тау,» - деп ойлады. **Бақылау.** Құмырсқалар ұсақ, нәзік, еңбексүйгіш жәндіктер. Олар жердің астында	**№17 Балықтарды қадағалау.** Көркем сөз. Ақ балық-ау, ақ балық! Қармағымды қап, балық! Жұмбақ. Аузы бар, тілі жоқ, Терісі бар, жүні жоқ. Тірегі бар, ізі жоқ, Қанаты жоқ ұшпайды Су астында қыстайды. (Балық) **Бақылау.** Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар

	одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. **Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»(тәжік халқының ойыны). (дене тәрбиесі)** Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. **Еңбек.** Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбек.** Бақшадағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Велосипед тебу. **(дене тәрбиесі)** Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу.		өмір сүреді. Өмір сүретін жерін «илеу» деп атайды. Илеуді бұзуға болмайды, өйткені құмырсқалар бізге пайдалы. **Қимылды ойын: «Туннель ішімен еңбектеу». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшандықты, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек.** Құмды қопсыту. **(еңбек дағдылары)** Жұмысқа жауапкершілікпен қарауға, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу.	– уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене тәрбиесі)** Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту. **Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)** Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су құю. Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу. **Өз бетімен**

					ойындар. Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету.
Серуеннен оралу	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Балаларды саппен топқа әкелу Киімдерін ұқыпты шешуге үйрету Қолдарын жууға бағыт беру Тақпақ: Серуеннен келеміз, Қолды таза жуамыз. Ұқыпты боп әрқашан, Тәртіп сақтап жүреміз. **(тіл дамыту, дене тәрбиесі-сауықтыру жұмысы)**	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Аяқ киімдерін реттеп қою Киімдерін шкафқа жинау Тазалық сақтауға тәрбиелеу Тақпақ: Ойын ойнап далада, Қайтып келдік балабақшаға. Таза болып жүреміз, Ұқыптымыз әрқашан. **(тіл дамыту, дене тәрбиесі-сауықтыру жұмысы)**		**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Бір-біріне көмектесуге баулу Шкафтарын реттеуге үйрету Тыныштық сақтауды еске салу Тақпақ: Киімімді жинаймын, Орнына мен қоямын. Ұқыпты бала боламын, Тәртіпті боп жүремін. **(тіл дамыту, дене тәрбиесі-сауықтыру жұмысы)**	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** Серуеннен алған әсерлерін сұрау Киімдерін таза ұстауға тәрбиелеу Топ бөлмесіне тыныш кіруге дағдыландыру Тақпақ: Серуен қызық өтеді, Көңіліміз көтеріледі. Топқа қайта келгенде, Тазалықты сүйеміз. **(тіл дамыту, дене тәрбиесі-сауықтыру жұмысы)**

Түскі ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** «Таза қол – денсаулық кепілі» Мақсаты: Балаларды тамақ алдында қол жууға, тазалық сақтауға үйрету. Ас ішер алдында қолды сабындап жуу – денсаулықтың кепілі екенін түсіндіру. **Тақпақ:** Қолымды мен жуамын, Тап-таза ғып қоямын. Таза қолмен ас ішсем, Ауырмаймын, білемін.(**тіл дамыту)**	**Үнемді тұтыну «Асты қадірлейік»** **Мақсаты:** Нанды, асты құрметтеуге тәрбиелеу. Дастарқандағы астың еңбекпен келетінін айту. Нан қиқымын шашпаймын, Жерге тастап баспаймын. Теріп алып әрқашан, Таза жерге қоямын. .**(тіл дамыту)**		**Үнемді тұтыну «Әдепті бала»** **Мақсаты:** Ас ішу кезіндегі әдеп ережелерін үйрету. Тамақты асықпай жеу, үлкендерге құрмет көрсету туралы айту. **Тақпақ:** Үстел басы — жарастық, Әдептілік — адастық. Асықпаймын ас ішіп, Отрамын мен жарасып. .**(тіл дамыту)**	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** **«Дұрыс тамақтану»** **Мақсаты:** Пайдалы тағамдар туралы түсінік беру. Көкөніс, жеміс-жидектің пайдасын түсіндіру. Тақпақ: Алма, алмұрт, өрікті, Жеймін күнде көрікті. Дәруменге бай екен, Денсаулыққа керекті.**(тіл дамыту)**
Күндізгі ұйқы	Ертегінің желісіне қызығушылық танытады. "Сауысқан мен көкек" ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Билейтін аю»		Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Жер кіндігі»	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні». (музыка)

	әрекеті)	ертегісін тыңдату.		ертегісін тыңдату.	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	**«Оян, дене!»** Төсекте отырып, қолды жоғары созу — 5 рет Иықты айналдыру — 5 рет алға, 5 рет артқа «Күн оянды» — қолды жоғары көтеріп, созылу Жеңіл еңкею (оңға/солға) — 4 рет Орнында жай жүру — 1 минут	**«Мысықтар сияқты»** «Мысық» созылуы (төрттағандап арқаны иіп-жазу) — 6 рет Тізені көтеріп жүру — 1 минут Қол-аяқты кезек көтеру — 6–8 рет Дем алу жаттығуы: мұрынмен терең дем алып, ауызбен шығару — 4 рет		**«Көңілді доп»** Қолды доп лақтырғандай сермеу — 8 рет Орнында жеңіл секіру — 10–12 рет Алға еңкею, «допты алу» қимылы — 6 рет	**Шеңбер бойымен** жүру — 1–2 минут «Көңілді таң» Бүкіл денені созу — 5 рет Қол шапалақтап бұрылу — 6 рет Тізені жоғары көтеріп жүру — 1 минут «Күнге күлімдеу» (дем алу + қолды жоғары көтеру) — 4 рет Еркін би қимылдары — 1–2 минут
Бесін ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** «Таза қол – денсаулық кепілі» Мақсаты: Балаларды тамақ алдында қол жууға, тазалық сақтауға үйрету. Ас ішер алдында қолды сабындап жуу –	**Үнемді тұтыну «Асты қадірлейік»** **Мақсаты:** Нанды, асты құрметтеуге тәрбиелеу. Дастарқандағы астың еңбекпен келетінін айту. Нан қиқымын шашпаймын, Жерге тастап баспаймын.		**Үнемді тұтыну «Әдепті бала»** **Мақсаты:** Ас ішу кезіндегі әдеп ережелерін үйрету. Тамақты асықпай жеу, үлкендерге құрмет көрсету туралы айту. **Тақпақ:** Үстел басы — жарастық,	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** **«Дұрыс тамақтану»** **Мақсаты:** Пайдалы тағамдар туралы түсінік беру. Көкөніс, жеміс-жидектің пайдасын түсіндіру. Тақпақ: Алма, алмұрт, өрікті, Жеймін күнде

	денсаулықтың кепілі екенін түсіндіру. **Тақпақ:** Қолымды мен жуамын, Тап-таза ғып қоямын. Таза қолмен ас ішсем, Ауырмаймын, білемін.(**тіл дамыту)**	Теріп алып әрқашан, Таза жерге қоямын. .**(тіл дамыту)**		Әдептілік — адастық. Асықпаймын ас ішіп, Отрамын мен жарасып. .**(тіл дамыту)**	көрікті. Дәруменге бай екен, Денсаулыққа керекті.**(тіл дамыту)**
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Менің сүйікті ертегім»** **(Жеті лақ)** **Мақсаты:** Балалар суретке қарап ертегіні еске түсіріп айтып береді. (**көркем әдебиет).**	**«Сюжетті рөлдік ойын»** **«Шаштараз»** **Шарты:** Тәрбиеші балаға нұсқау береді. Балалар өздері тапсырманы түсініп өздігінен орындайды.		«Не қайда орналасқан?» **Мақсаты:** Кеңістікте бағдарлай алуға үйрету. **(математика негіздері)**	**Сюжетті –рөлдік ойын** «Отбасы» **Мақсаты:** Ойында әлеуметтік ортадағы шынайы оқиғаларды көрсете білуді, отбасымен бірге тұратын адамдар туралы ұғымды қалыптастыру.
Балалармен жеке жұмыс ертегісінің суретін қарау,	**жеке баламен жұмыс:** **«Бұл қай ертегі?»** гигиеналық шараларды, өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын біледі ішінәра өз	**жеке баламен жұмыс:** қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға үйрету; **(қазақ тілі)**		**жеке баламен жұмыс:** 10 көлемінде санай алады, сандарды ретімен санай алады; шаманы салыстыруда үстіне және	**жеке баламен жұмыс:** шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап қайталап айтуға үйрету; **(көркем әдебиет)**

	бетінше орындайды: **(дене тәрбиесі)**			қасына қою тәсілдерін үйрету. **(математика негіздері)**	
Серуенге дайындық, серуен	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау.	Серуенге қызығушылықты арттыру. Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаиы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.		Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау.	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау.
Серуен, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, қимыл-қозғалысты ойындар және тағы басқа әрекеттер), серуеннен оралу	**«Күн мен бұлт»** Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. **(дене тәрбиесі)**	**«Теңіз толқиды» Мақсаты:** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. **(дене тәрбиесі)**		**Қимылды ойын:** «Ара мен қарлығаш» **Ойынның мақсаты**: таза ауада сауықтыру шараларын өткізу.	**Ұлттық ойын:** «Көкпар» **Мақсаты:** икемділікті, жүгіру дағдысындамыту.
Серуеннен оралу	**Еңбегі адал жас өрен** Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі,	**Еңбегі адал жас өрен Мақсаты:**сауықтыру-шынықтыру шараларын орындауда		**Еңбегі адал жас өрен Мақсаты:**сауықтыру шынықтыру шараларын орындауда	**Еңбегі адал жас өрен** Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаиы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.

	серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау.	қызығушылығын арттыру **Ойын- жаттығу:** Шынықтырып денені, Бетті, қолды жуамыз. Серуеннен көңілді, Тобымызға келеміз.		қызығушылығын арттыру **Ойын-жаттығу:** Шынықтырып денені, Бетті, қолды жуамыз. Серуеннен көңілді, Тобымызға келеміз.	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Балабақша". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау;	**Дидактикалық ойын.** "Жақсы - жаман". Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру;		**" Бұлттар неге ұқсайды?"** дидактикалық ойыны. Мақсаты: қиялды , объектілерді қабылдау мүмкіндігін дамыту. Ойын үшін әртүрлі пішіндегі бұлттар бейнеленген карталарды дайындау қажет. Бұл карталар балаларға таратылады. Оларға суреттерге қарап : "Мына бұлт, меніңге (мына объектіге) ұқсайды", - деп жауап берулері қажет.	**"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: кемпірқосақ түстерінің күндерінің тәртібін бекіту, зейін мен есте сақтауды дамыту. Құрал-жабдықтар: кемпірқосақтың барлық түстерінің қалпақтары.

Өнегелі 15 минут **Үйге қайту**	«Мектепке дайынсыз ба?» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».		«Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбына ата-аналармен әңгімелесу.	Балабақшамен қоштасу.

*Тексеріліді, әдіскер*_____